

**«Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

БЕКІТЕМІН

**Студенттік істер және қоғаммен
байланыс жөніндегі вице-президент**

**_____ Е.Т. Маханбет
"___" _____ 2024 жыл**

**ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫС
ТУРНИРИНІҢ ЕРЕЖЕСІ
"YU DEBATE CUP - 2024"**

**_____ Е.Т. Маханбет
"___" _____ 2024 жыл**

Ақтау 2024 жыл

Терминдер мен анықтамалар

Парламенттік пікірсайыс	Студенттердің зияткерлік білім беру қозғалысы және классикалық парламенттік пікірталастарға еліктеуге негізделген пікірталас стилі.
Турнир қатысушысы	Турнирге ағымдағы оқу жылының 11-сынып оқушылары мен колледж түлектері қатыса алады
Грант және жеңілдіктер	Ұйымдастырушылар атынан турнир жеңімпаздарына "Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" КЕАҚ беретін грант және оқуға жеңілдіктер
Төрешілер алқасы	Турнирге қатысушыларды бағалауды жүзеге асыратын, университет өкілдерінен, басқа да ұйымдардың өкілдерінен тұратын сараптамалық топ.
Турнир жеңімпазы	Конкурстың финалдық кезеңінде питч презентациялар барысында конкурстық комиссия мүшелері қойған ең жоғары балл санын жинаған турнир қатысушысы.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже 11-сынып оқушылары арасында "YU Debate CUP -2024" республикалық пікірсайыс турнирін өткізу тәртібі мен ережесін айқындайды.

1.2. Пікірсайыс турнирінің мақсаты: дарынды оқушылар мен жас көшбасшыларды анықтау, жастарды қолдау. Оқушылар арасында жастардың сыни ойлауын дамыту, ел жастарын қоғамдық мәселелерді шешуге біріктіру, олардың зияткерлік әлеуетін арттыру және елдегі пікірталас қозғалысының дамуына ықпал ету.

Пікірсайыс турнирінің міндеттері:

- Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;
- Шешендік өнер, сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, өз ойын еркін және айқын білдіре алатын студент жастарды даярлау;
- Мемлекеттік маңызы бар мәселелерді талқылау және оларды шешу бағытында жана идеяларды генерациялау мүмкіндігін жасау;
- Жастардың сыни ойлауын дамыту;
- Қоғамдық мәселелерді шешуде ел жастарын біріктіру, олардың зияткерлік әлеуетін арттыру;
- Елімізде пікірталас қозғалысының дамуына ықпал ету.

1.3. Пікірсайыс турнирінің ұйымдастырушысы - "Каспий технологиялар инжиниринг университеті".

1.4. Пікірсайыс турнирінің өтетін орны - Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, "Каспий технологиялар және инжиниринг университеті".

2. Негізгі ережелер

- 2.1. Пікірсайыс турнирі туралы қосымша ақпарат сайтта жарияланады <https://debate.yu.edu.kz/>, сондай-ақ Yessenov University әлеуметтік желілерінде.
- 2.2. Пікірсайыс турнирін өткізу мерзімі- 2-15 мамыр 2024 ж
- 2.3. Пікірсайыс турнирінің кезеңдері:
 - Онлайн тіркелу - 2024 жылдың 01 - 15 сәуір аралығы Сайтта: <https://debate.yu.edu.kz/>
 - Іріктеу кезені - 2024 жылы 2 мамырда.
 - Финал - 15 мамыр 2024 ж.
- 2.4. Пікірсайыс турниріне ағымдағы оқу жылының 11-сынып оқушылары қатыса алады.
- 2.5. Пікірсайыс турнирі қазақ және орыс тілінде өтеді.

3. Турнирді өткізу шарттары мен тәртібі

- 3.1. Пікірсайыс турнирінің Қазақ лигасында Американдық парламенттік формат (АПФ) бойынша, Орыс лигасында Британдық парламенттік формат (БПФ) өткізіледі.
- 3.2. Турнир тақырыптары 2024 жылдың 20 сәуірінде "Yessenov University", "Kemel" of YU ресми әлеуметтік желілерінде жарияланады.
- 3.3. Дебат турниріне қатысу тегін.
- 3.4. Турнир жеңімпаздарының жұлде қоры 20 білім гранты және Yessenov University-де оқуға жеңілдіктер, барлығы:
Қазақ лигасы
 - I орын (4 грант) оқуға 100% жеңілдік;
 - II орын (4 грант) оқуға 75% жеңілдік;
 - III орын (8 грант) оқуға 50% жеңілдік.
 - Ең үздік спикер (2 грант) оқуға 100% жеңілдік;
 - Үздік спикер (2 грант) оқуға 75% жеңілдік;
- 3.7. Пікірсайыс турнирінің жеңімпазына оқу ақысына көрсетілетін жеңілдіктер 1 семестрге беріледі. Жеңілдік мерзімін ұзарту жеңімпаздың сабақ үлгерімі талапқа сәйкес «жақсы» және «үздік» (GPA нәтижесі 3,33 - тен кем емес) және жеңімпаз студент университетте дебаттық қозғалыстарға белсенді қатысқан жағдайда жеңілдік сақталады.
- 3.8. Гранттар саны мен жеңілдіктерді бөлуді бағалау өлшемшарттары негізінде конкурстық комиссия айқындайды.

4. Турнир басшылығы

- 4.1. Турнир басшылығы турнирге дайындықты және оны өткізуді жүзеге асыратын ұйымдастырушылар болып табылады.
- 4.2. Турнир басшылығының құзыретіне мыналар жатады:
 - турнирді материалдық-техникалық қамтамасыз ету.
 - турнирді қаржылық қамтамасыз ету және демеушілерді іздеу;
 - спикерлер үшін көрнекі ойындар және төрешілер үшін оқыту семинарларын өткізу;
 - шағымдар мен ұсыныстарды жинау;
 - судья хаттамаларын жинау және өңдеу;
 - ойындарға арналған тақырыптарды анықтау;
 - қазылар алқасын қабылдау;
 - ойындар мен іс-шаралар кестесін құру;
 - командаларды тіркеу;
- 4.3. Турнир басшылығының құқығы жоқ:
 - қазылар алқасының шешіміне араласу;
 - турнирге қатысатын командаларға қандай да бір көмек көрсету

4.4. Турнир басшылығы турнирді ұйымдастыру бойынша шешімді түсіндірместен қабылдауға құқылы. (Төменде шағымдарды қабылдау бөлімінде көрсетілген жағдайлардан басқа).

5. Қорытынды ережелер

Пікірсайыс турниріне қатысты барлық сұрақтар мен ұсыныстар мына электронды мекенжайға жіберіледі: kenesbay.kosmaganbetov@yu.edu.kz

Телефоны: +7 777 209 52 98 (Космаганбетов Кенесбай)

Сайт: <https://debate.yu.edu.kz/>